

### Ү.Ә. Әмірбекова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
дипломатиялық аударма кафедрасының аға оқытушысы, Қазақстан, Алматы қ.

### Өмірден өзі кетсе де ...

Өмірден өзі кетсе де, біздің жадымыздан мәңгі кетпейтін ғажайып тұлға бар. Ол – Гүлжауһар Шағатайқызы Жамбатырова. Ол кісі туралы тебіренбей, толқымай айту мүмкін емес. Бәрі кеше ғана болғандай, ертең-ақ қайтып оралатындай болып тұрады. Әсіресе, факультет дәлізіндегі ол кісіге арналған стендтің қасынан өткен сайын, фотосуреттердегі күлкі үйірілген бейнесін көрген сайын көзден ғайып болса да, көңілден кетпеген Гүлжауһар Шағатайқызын еске алып, бойыңды сағыныш сезімі жайлайды. Әттең дүние, әттең қамшының сабындай қысқа ғұмыр, әттең сол кездер, сол сәттер қайта оралса ғой деп қамығасың. Көзіңе жас келмесе де, тамағыңа бүлкілдеп бір өксік келеді.

Мен Гүлжауһар Шағатайқызымен халықаралық қатынастар факультетіне жұмысқа орналасқан кезде таныстым. 1998 жылы факультеттегі парсы бөлімі жабылып, жаңа оқу жылында деканат маманы ретінде жұмысқа қабылдандым. Ол кісінің бірінші талабы – қазақ тілін жақсы білуің керек. Менің білімімді ауызша да, жазбаша да тексеріп алғаннан кейін, менен компьютер тілін білесің бе? – деп сұрады. Компьютердің жаңадан пайда бола бастаған кезі. Оны қайдан білейін. Бұрын шығыстану факультетінде Рүстемов Лениншіл ағайдың қарамағында жұмыс істегенде машинкада басуды үйренген болатынмын. Соны малданып, білемін дедім. Көп қиналмай, компьютерді меңгеріп алдым. Сол жылдары қазақ тіліне көп көңіл бөлініп, барлық құжаттар қазақ тілінде болуы керек деген талап қойылып жатқан заман. Маған факультет құжаттарының бәрін қазақ тіліне аудару жүктелді. Факультетіміз жаңа оқу ғимаратына көшкеннен кейін сабақ кестесін жасау да маған тапсырылды. Мұның бәрі жарайды ғой. Мені сол кездері таңғалдыратыны Гүлжауһар

Шағатайқызының ерен еңбекқорлығы еді. Факультеттің іргетасын қалаған ғалымдардың көшбасшысы болған Гүлжауһар Шағатайқызы шаршауды білмейтін. Қарамағындағыларға асқан бір мейірімділікпен, қамқорлықпен қарайтын. Бәрінің жағдайын түсінуге, бәрінің қандай да бір болмасын мәселесін шешіп беруге дайын тұратын. Біз деканат қызметкерлері Зайда Сұлтановна, Эльвира Михайловна, Маргарита Борисовна және мен ол кісіні қатты қадірлейтін едік. Қажет болған кезде қатал, талапшыл, қажет болған кезде анамыздай мейірімді бола білетін. Кейде «Девочки, кровь из носа, но мы это должны сделать сегодня» деп, күн демей, түн демей жұмыс істейтін. Бізден де соны талап ететін. Бірақ ешқашан бұйырып сөйлеген емес. Майда, жұмсақ тілмен бәрін түсіндіріп жеткізетін. Өте сауатты еді. Орыс тілді болғандығына қарамастан, қазақ тілін үйреніп алу керекпін деп жүретін. Бірақ қазақ тілін білмейтін адамға ұқсамайтын. Қатеңді тауып, мына жерде былай емес, былай болса, дұрыс емес пе, деп отыратын. «Біз соғыс кезінде дүниеге келген адамдармыз, орысша білім алдық, орысша тәрбие алдық. Қазір заман дұрысталды, қазақ тілін көтеруіміз керек», – дейтін. Гүлжауһар Шағатайқызы факультетті басқарған жылдары Мемлекеттік стандарттан бастап барлық номенклатуралық құжаттар қазақ тіліне аударылды. Кіріс-шығыс құжаттары қазақша жүргізілетін болды. Орыс тілінде келген кіріс хаттарына да қазақша жауап беруге тырысатын.

Ол кісінің студенттермен қарым-қатынасы ерекше еді. Барлығын танып, барлығын атымен атайтын. Олардың барлық мәселелерін шешіп беруге тырысатын. Аузынан «айналайыны» түспейтін еді. Әсіресе үзіліс кезінде студенттер деканатта қаптап кететін. Бәрін мұқият тыңдап,

ақылын айтып шығарып салатын. Сабакқа немесе қоғамдық жұмыстарға қатысты туындаған мәселелері бойынша ортақ шешімге келе алмай, айтысып-тартысып апайдың алдына кірген студенттер, бәрінің шешімін тауып, жібектей болып шығатын. Олар да Гүлжауһар Шағатайқызын қатты сыйлайтын, сөзін екі етпейтін. Маған сол кездері бізде оқитын студенттердің барлығы шетінен тәрбиелі, мәдениетті, білімді болып көрінетін. Гүлжауһар Шағатайқызы «біздің балалар алтын ғой, біздің елімізді көтеретін осылар», деп әрдайым айтып отыратын, үлкен үміт күтетін. Қателеспесем, сол жылдары рейтинг жүйесі біздің факультетімізде ғана енгізілген еді.

Апай бір аяғын сылттып басатын. Аяғы ауырып, мазасын алған кейбір сәттерде: «егер қарғыс атқыр соғыс болмағанда, менің аяғым сау болар еді, қиыншылық көрмей өсер едік, қазіргіден де жақсы өмір сүрер едік», – деп қамығатын. «Қазіргі балалар бақытты, бейбіт, тыныш заманда өмір сүріп жатыр. Егемендігімізге қол жеткіздік. Енді тек қана алға жылжып, елімізді дамыту керекпіз. Ал елімізді дамытатын кімдер? Олар – мына жастар. Оларға дұрыс тәрбие, жақсы білім беріп шығару керек. Ана Мәскеудегі Халықаралық қатынастар институтынан көп нәрсені үйреніп, өзіміздің де біліктілігімізді қосып, кадрларды ертең ұялмайтындай етіп даярлап шығуымыз керек. Бұл жастар біздің еліміздің ертеңгі күнгі айнасы», – деп жиі айтатын. Айтып қана қоймай, жан-тәнімен беріліп жұмыс істейтін. Оқу жоспарына, оқытылатын пәндерге терең мән беретін. Көңілі көтеріңкі болып, жақсы отырған кей сәттерде «Ой, девочки. Вы даже не представляете какую великую миссию мы выполняем. А кто же, если не мы?» – деп, талай маңызды жұмыстарды атқарып жүретін.

Гүлжауһар Шағатайқызы мен Роза Сахариенаның сыйластығы, достығы туралы айтпай кету мүмкін емес. Әрдайым екеуі бірге жүретін. Роза Сахариенаның жасы үлкендеу еді. Гүлжауһар Шағатайқызы ол кісіге үнемі «Сіз» деп сөйлейтін. Факультеттегі барлық оқытушыларға, деканат, кафедра қызметкерлеріне құрметпен қарайтын. Сол кездегі қазіргі шығыс тілдері кафедрасының маманы Анесса Валединовнаны қатты сыйлайтын. Ол кісі де Гүлжауһар Шағатайқызы десе, ішкен асын жерге қоятын. Өз саласының білгір маманы, сол кафедраның ұйытқысы бола білді. Қазір зейнеткерлікте.

Кейде түскі үзіліс кезінде апай бізбен бірге шай ішіп, әңгіме айтып отырушы еді. Реті келгенде балалары туралы да айтатын. «Мен балаларыма өте қатал болдым. Барлық нәрсені өз уақытында жасауларын талап ететінмін. Бізде мұндай мүмкіндік болған жоқ. Қазір бәрі бар: неше түрлі үйірмелер, музыка, спорт мектептері дегендей. Мектепте оқып жүргенінде қызым Хорланды музыка мектебіне бердім. Кейде шаршап, ұйқысы қанбай, мектепке барғысы келмейтін. Сонда мен оны тыңдамай, бармасаң болмайды деп мектебіне жіберетінмін. «Ты должна пойти в школу, если потеряешь сознание, только тогда я тебя заберу из школы» – деп ұрсатынмын. Бір күні басым ауырып тұр дегеніне карамастан, алдап тұрған болар деп, мектепке жібергенмін. Сөйтсем, шынымен де мектепте есінен танып құлап қалыпты. Көрмейсіндер ме, мен қандай қатал анамын. Егер мәселе білімге, тәрбиеге қатысты болса, мен өзіме де, өзгеге де талапшылмын, себебі бізді ата-анамыз солай тәрбиеледі», – деген сөздері әлі есімде.

Менің ол кезде екі балам бар. Екеуі де кішкентай, балабақшаға барады. Сенбі күндері кейде қарайтын адам болмай, жұмысқа өзіммен бірге ала баратынмын. Гүлжауһар Шағатайқызының орындығы айналмалы жұмсақ орындық болатын. Менің балаларым қызық көріп, сол орындыққа таласып отырып алатын. Мен ыңғайсызданып, ол орынға отырмандар деп оларды тұрғызар болсам, апай тиіспе, отыра берсін, бұл олардың өмірдегі ең кішкентай креслосы болсын деп күлетін.

Мен ол кісіні адамгершілігі мол адам ретінде таныдым. Мейірімділігі мен талапшылдығы қатар жүретін, әділ әрі қамқор басшы ретінде таныдым. Елін, ұлтын сүйетін патриот тұлға ретінде таныдым. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары жас мемлекетіміздің сыртқы саясатын жүргізетін білікті мамандарды дайындауға бар ынта-жігерін салып жүрген, ұйымдастырушылық қабілеті телегей теңіз, ер-азаматтармен иық түйістіріп, Отаны үшін адал қызмет атқара алатын, елінің болашағын ойлайтын қайсар әйел ретінде таныдым. Өзінің туған балалары мен балаларындай болып кеткен шәкірттері үшін тау қопаруға да дайын тұрған, жүрегі кең мейірімді ана ретінде таныдым. Гүлжауһар Шағатайқызындай адаммен, аз уақыт болса да, қызметтес болғаным үшін Аллаға тәубе деймін.